ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 19 қаңтар 3514-23-00-2/6474 Қарағанды қаласы

Қарағанды облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья А.А. Жунусова,
сот отырысының хатшысы Г.Е.Диярованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
«ЭМ - Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қазақстан республикасы қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекеме
«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» мемлекеттік мекеме

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСКАНДАР:
талап қоюшының өкілі Қисамиден А.С., үшінші тұлғалардың өкілдері Шакенов А.С., Акашев Р.Т.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Әкімшілік, тапсырыс беруші) «ЭМ - Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі –«ЭМ - Холдинг» ЖШС, орындаушы) арасында 2023 жылдың 24 шілдесінде «Бөкейхан көшелерінің

Р/0 - 7

басын реттеу «Мемлекеттік Туға арналған құрылымды орнату, «Үш Арыс» монументін беру және орнату) жұмыстарды орындау туралы мемлекеттік сатып алу №128 шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың сомасы – 89 117 999,99 теңге.

Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі – келісім-шарт күшіне еңген сәттен бастап 80 күнтізбелік күн ішінде деп бекітілген.

2023 жылғы 27 шілдесінде шарт аумақтық казынашылық органында тіркелген.

Соңдықтан, жұмыстарды 2023 жылғы 15 қазанына дейін орындалуы тиіс.

Жұмыстарды орындау - қабылдау актілеріне сәйкес, жауапкермен 51 645 903 теңге көлемінде жұмыстар жасалынған, тапсырыс берушімен төленді.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінді. Талап қою жауапкердің шарт бойынша озіне алған міндеттерін тиісті орындамағанымен негіздеген.

Талап қоюшының окілі талап коюды колдап, оны қанағаттандыруды сұрады. Шарт бір жақтай бұзылды.

Үшінші тұлға - «Қазақстан республикасы қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі шешімді сот қарауына қалдырды, пікірінде көрсетілген дәлелдерді колдап, сотқа талаптардың арасында жасалынған шарт бойынша жобалық – сметалық құжаттамасын, оның сараптамасын жүргізу, құрылыс – монтаж жұмыстарды бастау туралы хабарландыру алу және басқа рұқсаттар құжаттарды беру қажет емес екенін түсіндірді.

Үшінші тұлға - «Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілі шешімді сот қарауына қалдырды, пікірінде көрсетілген дәлелдерді колдап, сотқа талаптардың арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды жасалынған шарт бойынша үшінші жауаптылық деңгейіндегі техникалық жағынан күрделі емес объектілердің құрылысы эскиз (эскиздік жоба) бойынша жүзеге асырылады, сондықтан, жобалық – сметалық құжаттамасын, оның сараптамасын жүргізу, құрылыс – монтаж жұмыстарды бастау туралы хабарландыру алу және басқа рұқсаттар құжаттарды беру талап етілмейтінін түсіндірді.

Жауапкерге сот отырысының өткізілетін орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен, сотқа келген жоқ, мобильдық колданба арқылы сот отырысына қосылмады. Сотқа, А.М.Сон жауапкер өкілінің ауыруына байланысты, сот отырысын кейінге қалдыру туралы арызды жіберді. Қатыскан сот отырысында талап коюды мойындаған жоқ, талап коюды канағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

ҚР АПК-пің 196 - бабының 4 - тармағына сәйкес, сот жауапкер өкілінің қатысуынсыз карауды ұйғарды, жауапкердің сот отырысын кейінге қалдыру

Құжатқа қол қойылды: Жұнусова А.А., 26.01.2024
3514-23-3-17-6921

туралы өтініш хатын қанағаттандырусыз қалдырды. Яғни, соңғы сот отырысында жауапкердің үш өкілілер А.М.Сон, Ю.С.Яркова, Б.К.Мустафин қатысты. Егер, жауапкердің өкілі А.М.Сон ауыруына байланысты қатыспаса, жауапкердің басшысы немесе басқа өкілі қатысуға болады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сотпен анықталғандай, мемлекеттік сатып алу «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» тәсілімен жүргізілгені және оның қорытындысы бойынша тараптар арасында шарт жасалғаны.

Демек, орындаушы мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен келісімге қол қойып, жұмыстарды уақытында жасауына келісті және міндеттеме алды.

Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі 2023 жылғы 15 қазанына дейін белгілінген.

Жұмыстарды орындау - қабылдау актілеріне сәйкес, жауапкермен 51 645 903 теңге жұмыстар жасалынды, тапсырыс берушімен төленді.

Алайда, жауапкермен толығымен жұмыстарды жасамаған, өзіне алған міндеттемені орындамаған, шарт бір жақтай бұзылды.

Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңының (бұдан әрі – Сәулет Заңы) 30 - бабы 1, 2 тармағыларына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында жергілікті жерлердегі сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін реттейтін құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидалары қолданылады. Құрылыс саласындағы құрылыс

Құжатты көшірмесі Жұмысқа А.Ж.

51-23-3-1/6921

салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидалары сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің жер учаскелерін пайдалануы, елді мекендер аумақтары мен қала маңындағы аймақтарды жобалауы және онда құрылыс салуы жөніндегі шарттар мен талаптарды айқындайды, жаңа жылжымайтын мүлік объектілерін орналастыруға және салуға, қазіргі барларын өзгертуге (қайта бейіндеуге, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға, реконструкциялауға, кеңейтуге, күрделі жөндеуге), жер учаскесінің нысаналы мақсатын, үй-жайлардың функционалдық мақсатын өзгертуге, жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға беруге рұқсат беру рәсімдерінен өту тәртібін белгілейді.

Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы, үшінші жауаптылық деңгейіндегі техникалық жағынан күрделі емес объектілердің құрылысы эскиз (эскиздік жоба) бойынша жүзеге асырылады. Үшінші жауаптылық деңгейіндегі техникалық жағынан күрделі емес объектілердің құрылыс жобасын әзірлеу, оның сараптамасы, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарға құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлау талап етілмейді.

Техникалық ерекшелігіне сәйкес, жұмыстың барлық түрлері техникалық ерекшелік, сметалық құжаттама және тапсырыс берушінің талабы мен сызба – эскиз бойынша жүргізіледі.

Сондықтан, жауапкердің пікірінде көрсетілген, өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамағаны тапсырыс берушімен жобалық – сметалық құжаттамасын, оның сараптамасын жүргізу, құрылыс – монтаж жұмыстарды бастау туралы хабарландыру алу және басқа рұқсаттар құжаттарды бермеуінє, байланысты, жауапкердің кінәлісі жоқ екендігі туралы дәлелдеме мен сот келіспейді, себебі тапсырыс берушімен сол құжаттырды беру шарт талаптырында көзделмеген, техникалық жағынан күрделі емес объектілерге жатады, жұмыстың барлық түрлері техникалық ерекшелік, сметалық құжаттама және тапсырыс берушінің талабы мен сызба – эскиз бойынша жүргізіледі.

Осы жағдайларды үшінші тұлғалардың өкілдері сот отырысында растады.

Сонымен қатар, жобалық – сметалық құжаттамасыз, құрылыс – монтаж жұмыстарды бастау туралы хабарландырусыз, басқа рұқсаттар құжаттарсыз, жауапкермен құрылыс жұмыстар басталындығын және жасалындығын сот анықтады. Сонымен бірге, жауапкермен тапсырыс берушіге сондай құжаттар қажет екенін хабарлама жіберген жоқ, сол жағдайды жауапкер растады.

Сот отырысында жауапкермен 2 491 050,30 теңге мөлшірінде тұрақты айыппұл төленгені анықталды. Алайда, шарт талаптарына сәйкес, орындаушы өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған жағдайларда, тұрақты айыппұл төлейтінін көзделген.

Сондықтан, тұрақты айыппұл төлендегі, өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған фактіні жауапкердің мойындағанын көрсетеді.

Құжаткерлік қызметтер Жүнісова А. 16.01.2024

Техникалық ерекшелігіне сәйкес, жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартпен белгілінген мерзімде жұмыстар катаң кесте бойынша жүргізіледі.

Құрылыс барысында құрылыс – монтаждық жұмыстарды алып тастау/ косу туралы өткізілген техникалық отырыстың негізінде мерзімнің бұзулуы туралы жауапкердің уәждерімен сот келісе алмайды, себебі шарт бойынша жауапкермен 2023 жылдың 27 шілдесінде басталып, 2023 жылдың 14 казанына дейін аяқталуы тиіс, алайда техникалық отырыс 2023 жылдың 15 карашада өткізілгені анықталды, яғни шартпен белгілінген мерзімнен тыс.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, орындаушы барлық материалдарды, оның ішінде қажетті материалдарды, сатыл алу және жеткізу бойынша міндетіне алады.

Сондықтан, талап берушімен саркырама ұйымдастыруға арналған табиғи тас және басқа материалдарды камтамасыз етпеу туралы уәждері негізсіз деп саналады.

Жауапкермен тапсырыс берушіге қолайсыз климаттық жағдайларға байланысты шартты орындау мерзімін өзгерту туралы хат жолданған.

Осы хатка тапсырыс берушінің жауабында шарттың 11.1 тармағына сай, қолайсыз климаттық жағдайлар форс – мажорлық жагдайларға жатпайтындығы көрсетілген.

Оның үстіне, шарттың 9.2 тармығында шартты орындау мерзімін өзгерту туралы толық тізімі көрсетілген, сондай – ақ, қолайсыз климаттык жағдайлар ол тізімде көрсетілмеген.

Шарттың 4.1 бөлігінің 1) тармакшасында, шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалудың камтамасыз етуге орындаушы міндеттелген.

Сондықтан, жауапкердің жұмыстарды 58% орындағаны туралы аәждемелері негізсіз.

Сот, жауапкердың өзіне алған міндеттемелердің тиесілі орындамағанын анықталды.

Талап коюшымен көрсетілген мерзім сакталған. Мерзімнің бұзылу туралы фактісі талап коюшыға 2023 жылдың 16 казанында белгілі болды. Сотка 2023 жылдың 13 карашасында «Төрелік» АЖ сот кабинеті арқылы жүгінді.

ҚР АПК-нің 72 - бабын бұза отырып, жауапкермен талап коюшының дәлелдемелерін теріске айналдырайтын ешбір дәлел келтірген жоқ.

Осыган орай, талап коюшының талабы негіздеп танылады, сондықтан, канағаттандыруға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117 - бабының 1 - тармағына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот, ҚР АПК-нің 223-226 баптарын, 403-бабын басшылыкка ала отырып,

Құжатқа қол қойылған Ж.Ж. 28.01.2024

Ш Е Ш Т І:

Талап қоюшы «Қаркаралы ауданы Қаркаралы қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі жауапкер «ЭМ - Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылсын.

«ЭМ - Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ЭМ - Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестінен мемлекеттік пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Жунусова А.А.

Көшірме дұрыс

Судья Жунусова А.А.